

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ –түрік университеті
Шымкент кампусы
Жоғары медициналық білімінен кейінгі білім беру факультеті
Жалпы дәрігерлік практика №2 кафедрасы
Тәрбие жұмысының №__ хаттамасы

03.04.2024ж.

Қатысқандар: кафедра меңгерушісі А.М.Дауреханов, оқытушы Г.У. Жолдыбаева, ЖМ-14-23, ЖМ-15-23, ЖМ-16-23, ЖМ-29-23, ЖМ-31-23 топтарының интерндері

Күн тәртібі:

Әлеуметтік –мәдени бағытта іс-шара (интерндерге ауызашар беру) өткізу.

Жауапты: оқытушы Г.У. Жолдыбаева

Сәуір айының 03 жұлдызында оқытушы Г.Жолдыбаева Рамазан айының құрметіне өзіне бекітілген ЖМ-14-23, ЖМ-15-23, ЖМ-16-23, ЖМ-29-23, ЖМ-31-23 топтарының интерндеріне ауызашар жасады.

Кафедра меңгерушісі А.М.Дауреханов сөз алды: Баршаларыңызды қасиетті Рамазан айымен құттықтаймын. Рамазан айы он екі айдың сұлтаны, берекелі де кешірімі мол ай. Ораза адамды тақуалыққа тәрбиелейді. Сабырлық, қайырымдылық, мейірімділік, бауырмалдық секілді адамдық асыл қасиеттер артып, иман күшейеді. Сауаптар еселеніп жазылатын айда жасалған қайырлы істің қайтарымы адам баласы үшін құпия-сыр. Тіпті, ауыз бекітушіге берілетін сый мен сауап, құрмет пен марапат пайғамбарлар мен періштелерге де белгісіз. Оқытушы Г.Жолдыбаеваның ниет етіп ауызашар өткізіп отырғаны үлкен сауапты іс деп ойлаймын.



ЖМ -14-23 тобының интерні Рамазан – Ислам дінінде адам баласына бір жұтым су мен бір үзім нанның қадірін ұғындыратын, рухани дімкәстіктен арылуға сеп болатын берекелі ай. Ал Ораза – жер бетіндегі барлық мұсылманның күйін тең ететін құлшылық түрінің бірі деп есептеледі. Ораза ұстаудың адам баласына беретін пайдасы ұшан-теңіз: пендені Аллаға жақын ете түседі; адамға сабырлы болуды үйретеді; зейінді ашады, жақсы ойлардың туындауына сеп болады; адам уақытын жүйелеуді игереді; нәпсіге тұсау салады; қанағатшыл болуға баулиды; денсаулықты жақсартады.

ЖМ -29-23 тобының интерні..... Ораза – Алла мен адам арасындағы құпия құлшылық, Жаратушының разылығын алуды ниет етіп ұстайтын парыз амал. Бұл айда орындалатын ең басты діни амал ауыз бекіту — ораза боп саналады. Рамазандағы ауыз бекіту ислам дінінің бес парызының бірі боп табылып, бүкіл әлем мұсылмандарымен жыл сайын орындалып отырады.







Шешім: кафедраның тәрбие жұмысы жоспарға сәйкес жалғастырылсын.

Кафедра меңгерушісі, м.ғ.д.

А.М.Дауреханов

Тәрбие жұмысына жауапты, оқытушы

Г.У.Жолдыбаева